



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 26 шілде

Ұлттық Банк теңгенің айырбастау бағамының өзгеруін түсіндірді

ҚР Ұлттық Банкінде теңге бағамының өзгеру себебін айтты. ҚР ҰБ Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Әділ Мұхамеджановтың айтуынша, қазіргі уақытта еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимі қолданылуда, ол айырбастау бағамының бірқатар факторларға қарай, бірінші кезекте, мұнай бағасына және сауда әріптес елдер валюталарының бағамдарына қарай күнделікті әрі-бері ауытқуын болжайды.

Бұл ретте теңгенің бағамына нарыққа қатысушылардың күтулері, бюджет қаражатының қозғалысы, салық төлеу кезеңдері және соңғы айлардағы – долларсыздандыру үрдісі сияқты ішкі факторлар да әсер етеді, деп нақтылады Ә. Мұхамеджанов.

Ол ағымдағы жылдың шілдесінде мұнай бағасының төмендеу үрдісінің байқалғанын, оған мұнай өнімдері нарығындағы ұсыныс көлемінің өсуі, АҚШ-тағы мұнайдың жеткілікті қоры туралы деректердің жариялануы, сондай-ақ АҚШ-тағы бұрғылау ұңғымалары санының ұлғаюы себепші болғанын атап өтті.

«Соңғы кезде рубльдің серпіні мұнай бағасының өзгеруіне сезімталдықтың төмендегенін көрсетті. Соған қарамастан, рубльдің АҚШ долларына қатысты құны мұнай бағасының құлдырауы аясында төмендеді», – деп толықтырды Ә. Мұхамеджанов. Осылайша, оның айтуынша, жоғарыда көрсетілген факторлар 2016 жылғы 26 шілдеде ҚҚБ АҚ-та теңгенің 350.2 деңгейге дейін әлсіреуіне себеп болды.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 2704 697

e-mail: press@nationalbank.kz